

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы N 325 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 27 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5248 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 12 шілдедегі N 371 Бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010.07.12 N 371 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз)**  
**Б ұ й р ы ғ ы м е н**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Мыналардың:

1) "Білім беру үйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындау және басып шығаруды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 454 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2883 тіркелген, "Заң" газетінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 76-77 жарияланған);

2) "Білім беру үйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындау және басып шығаруды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 454 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 44 бұйрығының (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4080 тіркелген, "Зан" газетінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 76-77 (1056-1057) жарияланған);

3) "Білім беру үйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындау және басып шығаруды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 454 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 380 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4333 тіркелген, "Зан" газетінің 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 165 (1145) жарияланған) қүші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі К.Н. Шемшидиноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндеттін

атқарушы

Ф. Куангандов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2008 жылғы 5 маусымдағы  
N 325 бұйрығымен бекітілген

## **Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты үйымдастыру**

### **ЕРЕЖЕСІ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты үйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 27-тармақшасына сәйкес әзірленген және барлық деңгейдегі білім беру үйымдары үшін оқу әдебиеттерін әзірлеу, оларға сараптама үйымдастыру және басып шығару тәртібін анықтайды.

2. Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) оқу-әдістемелік кешен - оқу-тәрбие процесінде қолданылатын және оқу бағдарламаларында көзделген білімді кеңейтуге, тереңдетуге және үздік менгеруге арналған оқу құралы (хрестоматия, оқуға арналған кітап, оқу-әдістемелік құрал, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, дидактикалық

материалдар, тест материалдары, аудиовизуалды және мультимедиалық құралдар, сыныптан тыс оқуға арналған қосымша әдебиеттер және басқалар);

2) оқулық - білім алушылардың білім беру оқу бағдарламасына сәйкес менгеру үшін міндетті оқу материалы мен базалық білім жүйелі түрде мазмұндалған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес нақты пән бойынша оқытуға арналған негізгі кітап;

3) оқу әдебиеті - оқытуудың, тәрбиелеу мен дамытуудың мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың жиынтығы;

4) оқу-әдістемелік құрал - білім беру оқу бағдарламаларында (әдістемелік басшылық, дәптерлер, сөздіктер, карталар) көзделген оқу материалын кеңейтуге, терендетуге және үздік менгеруге арналған және оқу пәнін, оның жеке бөлімдерін немесе/және жекелеген бөліктерін оқыту және зерделеу әдістемесі бойынша материалдары бар оқу басылымы;

5) оқу әдебиетін әзірлеуші - әдебиеттердің және оқу әдебиетінің мазмұнын жоспарлаумен, жазумен және ресімдеумен айналысатын жеке немесе занды тұлға ;

6) оқулықтарды, оқу әдебиетін, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды сараптау - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік оқу бағдарламаларына, білім беретін оқу бағдарламаларының деңгейін ескере отырып, ғылыми ұсыныстарға, санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарын ескере отырып, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқу әдебиетінің құрылымына және әдістемелік мазмұнына қойылатын талаптарға оқу материалы мазмұнының сәйкестігін бағалау;

7) оқулықтардың, оқу әдебиетінің, оқу әдістемелік кешендер мен құралдардың макеті - белгіленген талаптарға сәйкес баспа тәсілімен шығарылған оқу әдебиетінің улгісі.

3. Білім беру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) білім берудің әрбір деңгейі үшін оқу процесінде пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу әдебиетінің, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдардың тізбесін қалыптастырады.

## **2. Оқулықтарды, оқу әдебиеттерін оқу-әдістемелік кешендерді және құралдарды әзірлеу тәртібі**

4. Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдар уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жалпыға міндетті

білім беру стандарттарына, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес өзірленеді.

5. Оқу әдебиеттерін өзірлеуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) оқулықтың, оқу әдебиетінің, оқу-әдістемелік кешенниң немесе оқу құралының 4 дана макеті;

2) 3 рецензия:

ғылыми дәрежесі бар маманның;

әдіскердің;

бейіні бойынша мұғалімнің (оқытушының);

6. Уәкілетті орган ұсынылған материалдардың жиынтығын анықтайды. Материалдардың толық жиынтығы ұсынылмаған жағдайда уәкілетті орган өзірлеушіге жетпейтін материалдарын көрсетіп, өтініші мен оған қоса берген материалдарын кері қайтарады. Қайта ұсыну көрсетілген кемшіліктер мен ескертулдерді жөндегеннен кейін жүргізуі мүмкін.

7. Уәкілетті орган ұсынылған оқулықтардың, оқу әдебиетінің, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдардың үлгісін сараптамашыларға қарау үшін жібереді.

8. Оқулықтарды, оқу әдебиетін, оқу әдістемелік кешендер мен құралдарды өзірлеуге байланысты барлық шығыстар өзірлеушінің қаражаттары есебінен болады (мемлекеттік тапсырыстан басқа).

### **3.Оқулықтарды, оқу әдебиетін, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды сараптамадан өткізу тәртібі**

9. Уәкілетті орган оқулықтарға, оқу әдебиетіне, оқу-әдістемелік кешендер және құралдарға сараптама жасауды ұйымдастырады және сарапшылар тобын бекітеді.

10. Сараптаманы "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы, жоғары оқу орындарының және басқа да ұйымдардың аталған оқу әдебиетінің бейініне сәйкес келетін жетекші ғалымдары мен практиктерін тарта отырып жүргізеді.

11. Сараптама осы ереженің 5-тармағында көрсетілген сарапшыларға материалдарды ұсынған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде өткізіледі.

12. Сараптама жүргізу барысында сарапшылар:

1) оқулықтардың барлық параметрлері бойынша негізделген шешімдері бар дәлелді және объективті сараптама қорытындысын дайындайды;

2) ұсынылған материалдардың сараптамасы туралы мәліметтерді жарияламайды, сондай-ақ көпшілік бағалауынан қалады.

13. Сараптама аяқталғаннан кейін "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы уәкілетті органға сараптама қорытындысын ұсынады.

14. Уәкілетті орган сараптама қорытындылар туралы авторға хабарлайды.

15. Сараптау нәтижелерінің негізінде уәкілетті орган мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

"білім беру үйымдарында пайдалануға ұсынылсын";

"білім беру үйымдарында пайдалануға ұсынылмасын".

16. Теріс қорытынды алған оқулықтар, оқу әдебиеті мен оқу-әдістемелік кешендер қорытынды алған күннен бастап 6 (алты) айдан кейін қайта сараптамаға түсіу мүмкін.

#### **4. Оқулықтарды, оқу әдебиетін, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды басып шығару тәртібі**

17. Білім беру үйымдарына пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар, оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдар әзірлеушінің есебінен басылып шығарылады (мемлекеттік тапсырыстан басқа).

18. Оқулықта, оқу әдебиетінде, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарда сарапшылардың деректері көрсетіледі.

19. Білім беру үйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі білім беру үйымдарының таңдау мүмкіндігін көздейді. Осы ретте орта білім беру үйымдары үшін бір пән бойынша бес оқулық, оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік кешені мен құралдарынан артық болмайтындей оқу әдебиетін таңдау мүмкіндігін көздейді.

20. Уәкілетті орган бекіткен білім беру үйымдарының барлық деңгейіне арналған оқулықтар, оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдардың тізбесі меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық білім беру үйымдарына пайдалануға міндетті болып саналады.